

Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданының елді мекендеріне бірынғай сәулеттік келбет беруге бағытталған, көппәтерлі тұрғын үйлердің сыртқы қабырғаларын, шатырларын реконструкциялау, ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Глубокое аудандық әкімдігінің 2025 жылғы 30 қаңтардағы № 40 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 31 қаңтарда № 9130-16 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 10-3-бабының 2-тармағының 11) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 1-тармағының 16-5) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес, Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданының елді мекендеріне бірынғай сәулеттік келбетін беруге бағытталған көппәтерлі тұрғын үйлердің сыртқы қабырғаларын, шатырларын реконструкциялау, ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 22 қарашадағы № 467 қаулысы "Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданының елді мекендеріне бірынғай сәулеттік келбет беруге бағытталған, көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31012 болып тіркелген);

2) Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 11 наурыздағы № 140 қаулысы "Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 22 қарашадағы № 467 "Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданының елді мекендеріне бірынғай сәулеттік келбет беруге бағытталған, көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8965-16 болып тіркелген).

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Глубокое ауданының әкімі

Э. Тумашинов

Глубокое ауданы әкімдігінің

2025 жылғы 30 қаңтардағы

№ 40 Қаулымен бекітілген

Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданына бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған, көпшетерлі тұрғын үйлердің сыртқы қабыргаларын, шатырларын реконструкциялау, ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданына бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған, көпшетерлі тұрғын үйлердің сыртқы қабыргаларын, шатырларын реконструкциялау, ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу қағидалары (бұдан әрі - қағидалар) "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-3-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес әзірленді, өзге де нормативтік құқықтық актілермен Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданына бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған, көпшетерлі тұрғын үйлердің сыртқы қабыргаларын, шатырларын реконструкциялау, ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу тәртібін айқындауды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) бірыңғай сәулеттік стиль – құрылышта пайдаланылатын, аумақтың белгілі бір құрылыш салу ауданына, оның ішінде жеке құрылыш салуға тән бірыңғай белгілер жиынтығы. Сыртқы көркі, сәулеттік стилі, түсі бойынша шешімі, қабаттылығы, әрлеу материалдары негізгі өлшемдер болып табылады. Жеке құрылыш салу ауданы үшін сыртқы көркі, сәулеттік стилі, түсі бойынша шешімі, қабаттылығы, әрлеу материалдары, қоршаулары, жабын түрі мен участке аумағындағы шаруашылық-тұрмыстық құрылыштардың орналасуы негізгі өлшемдер болып табылады;

2) кондоминиум объектісі – дара (бөлек) меншіктегі пәтерлерден, тұрғын емес үй-жайлардан, орынтурақ орындарынан, қоймалардан және дара (бөлек) меншіктегі болмайтын және пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың, орынтурақ орындарының, қоймалардың меншік иелеріне көпшетерлі тұрғын үй тұрған біртұтас бөлінбейтін жер участкесін және (немесе) үй жанындағы жер участкесін қоса алғанда, ортақ үлестік меншік құқығымен тиесілі ортақ мүліктен тұратын біртұтас мүліктік кешен;

3) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкі – дара (бөлек) меншіктегі пәтерлерден, тұрғын емес үй-жайлардан, орынтурақ орындарынан, қоймалардан басқа, кондоминиум

объектісінің бөліктері (қасбеттер, кіреберістер, вестибюльдер, холдар, дәліздер, баспалдақ марштары мен баспалдақ аландары, лифтілер, шатырлар, шатырастылар, техникалық қабаттар, жертөлелер, үйге ортақ инженерлік жүйелер мен жабдықтар, абоненттік пошта жәшіктері, көппәтерлі тұрғын үй тұрган жер учаскесі және (немесе) үй жанындағы жер учаскесі, абаттандыру элементтері және ортақ пайдаланылатын басқа да мүлік);

4) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін ағымдағы жөндеу – мерзімінен бұрын тозуын болғызбау және ақауларын жою мақсатында жүргізілетін, көппәтерлі тұрғын үйдің нормативтік және техникалық құжаттамада белгіленген құрама бөліктері мен инженерлік жабдықтарын ауыстыру немесе қалпына келтіру жөніндегі уақтылы техникалық іс-шаралар мен жұмыстар кешені;

5) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін құрделі жөндеу – көппәтерлі тұрғын үйдің ресурсын қалпына келтіру мақсатында жүргізілетін, көппәтерлі тұрғын үйдің тозған конструкцияларын, бөлшектерін және инженерлік жабдықтарын жаңа немесе анағұрлым мықты және үнемді, жөндөлетін объектілердің пайдалану көрсеткіштерін жақсартатын тұрлеріне ауыстыру жөніндегі іс-шаралар мен жұмыстар кешені;

6) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстай – кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін техникалық пайдалану, санитариялық күтіп-ұстай және ағымдағы жөндеу бойынша жұмыстар немесе көрсетілетін қызметтер кешені;

7) көппәтерлі тұрғын үй – ортақ үлестік меншік болып табылатын кондоминиум объектісінің ортақ мүлкінен және көппәтерлі тұрғын үйге іргелес жатқан жер учаскесіне не кондоминиум объектісі ортақ мүлкінің өзге де бөліктеріне дербес шығатын жерлері бар екі және одан көппәтерлерден, тұрғын емес үй-жайлардан тұратын, біртұтас бөлінбейтін жер учаскесінде біртұтас іргетасы бар жеке тұрган ғимарат;

8) көппәтерлі тұрғын үй кондоминиумы (бұдан әрі – кондоминиум) – Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен тіркелген меншік нысаны, бұл ретте пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар, орынтурақ орындары, қоймалар дара (бөлек) меншікте болады, ал дара (бөлек) меншікте емес бөліктер пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың, орынтурақ орындарының, қоймалардың меншік иелеріне көппәтерлі тұрғын үй тұрган біртұтас бөлінбейтін жер учаскесін және (немесе) үй жанындағы жер учаскесін қоса алғанда, ортақ үлестік меншік құқығымен тиесілі болады;

9) көппәтерлі тұрғын үй пәтерлері, тұрғын емес үй-жайлары меншік иелерінің жиналысы (бұдан әрі – жиналыс) – пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстаяуға байланысты шешімдерді ұжымдық талқылауын және дауыс беру арқылы қабылдауын қамтамасыз ететін кондоминиум объектісін басқарудың жоғары органы;

10) реконструкциялау – әдетте өзгеретін объектіні жаңарту мен жаңғырту қажеттігіне байланысты жалпы жекелеген үй-жайларды, ғимараттың өзге де бөліктерін немесе ғимаратты өзгерту.

2-тарау. Көппәтерлі тұрғын үйлердің сыртқы қабырғалары мен шатырларын реконструкциялау, ағымдағы немесе күрделі жөндеу бойынша іс-шараларды ұйымдастыру тәртібі

3. "Глубокое ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданының елді мекендеріне бірыңғай сәулеттік көрініс беру үшін сыртқы қабырғаларды, шатырды реконструкциялауды, ағымдағы немесе күрделі жөндеуді жүргізууді талап ететін көппәтерлі тұрғын үйлердің тізбесін айқындайды.

4. Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген көппәтерлі тұрғын үйлердің тізбесі айқындалғаннан кейін "Глубокое ауданының құрылышы, сәulet және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесі Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданының елді мекендерінің бірыңғай сәулеттік бейнесін әзірлеуді және бекітуді қамтамасыз етеді.

5. "Глубокое ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі мынадай іс-шараларды ұйымдастырады:

1) көппәтерлі тұрғын үйдің пәтерлерінің, тұрғын емес үй-жайларының (олар болған кезде) меншік иелерін әкімдіктің ресми интернет-ресурсында кенттің бірыңғай сәулеттік келбетінің жобасымен таныстыру;

2) көппәтерлі тұрғын үйдің пәтерлері мен тұрғын емес үй-жайларының (олар болған кезде) меншік иелерін жоспарланатын жұмыстар және оларды өткізуудің болжамды мерзімдері туралы хабардар ету;

3) пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелерінің жиналышын ұйымдастыру және өткізу (бар болса) сыртқы қабырғаларды, көппәтерлі тұрғын үйдің шатырын реконструкциялауды, ағымдағы немесе күрделі жөндеуді жүргізуге келісу немесе келіспеу туралы шешім қабылдау үшін.

6. Жиналыш пәтер иелерінің, тұрғын емес үй-жайлардың жалпы санының жартысынан астамы келіскең кезде шешім қабылдайды.

7. Жиналыш осы көппәтерлі тұрғын үйдің сыртқы қабырғаларын реконструкциялау, ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі жұмыстарды теріс шешім қабылдаған жағдайда, бірыңғай сәулеттік көрініс беруге бағытталған жұмыстар жүргізілмейді.

8. Жиналыш оң шешім қабылдаған кезде "Глубокое ауданының құрылышы, сәulet және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесі құрылыш нормаларының талаптарына сәйкес қайта құру жөніндегі жұмыстардың көлемін, жөндеу түрін (

ағымдағы немесе күрделі) анықтау және олардың физикалық тозу дәрежесін белгілеу үшін әр көппәтерлі тұрғын үйдің сыртқы қабырғаларының, шатырының техникалық жай-күйін тексеруді ұйымдастырады.

3-тарау. Көппәтерлі тұрғын үйлердің сыртқы қабырғаларын, шатырларын қайта жаңарту, ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды жүргізу тәртібі

9. Жұмыстардың көлемі мен түрін (реконструкциялау, ағымдағы немесе күрделі жөндеу) айқындау үшін әрбір көппәтерлі тұрғын үйдің сыртқы қабырғаларының, шатырының техникалық жай-күйін тексеру жөніндегі ұйымды тандау Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

10. "Глубокое ауданының құрылыш, сәulet және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесі сыртқы қабырғалардың, көппәтерлі тұрғын үйдің шатырының техникалық жай-күйін тексеру қорытындысы бойынша бірыңғай сәулеттік көрініс беруге бағытталған сыртқы қабырғаларды, көппәтерлі тұрғын үйдің шатырын күрделі жөндеуге арналған сметалық есепті өзірлеу, ағымдағы жөндеу немесе жобалау-сметалық құжаттаманы дайындау бойынша жұмысты ұйымдастырады. кейіннен жергілікті бюджет қаражаты есебінен тиісті жобалар бойынша сараптама қорытындысын алу.

11. Сараптаманың оң қорытындысын алғаннан кейін және сыртқы қабырғаларды, көппәтерлі тұрғын үйлердің шатырын күрделі жөндеудің сметалық құнын, Ағымдағы жөндеуді немесе жобалау-сметалық құжаттаманы бекіткеннен кейін "Глубокое ауданының құрылыш, сәulet және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесі бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындаған тәртіпке сәйкес бюджеттік өтінім жасайды.

12. Бірыңғай сәулеттік көрініс беруге бағытталған көппәтерлі тұрғын үйлердің сыртқы қабырғаларын, шатырларын қайта жаңарту, ағымдағы немесе күрделі жөндеу жұмыстарын сатып алуды "Глубокое ауданының құрылыш, сәulet және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес жүзеге асырады.

13. Бірыңғай сәулеттік көрініс беруге бағытталған көппәтерлі тұрғын үйлердің сыртқы қабырғаларын, шатырларын қайта жаңарту, ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі жұмыстарды қабылдауды техникалық қадағалауды жүзеге асыратын тұлғаларды тарта отырып, "Глубокое ауданының құрылыш, сәulet және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесі жүзеге асырады.

4-тарау. Қорытынды ереже

14. Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданының елді мекендеріне бірынғай сәулеттік келбет беруге бағытталған, көппәтерлі түрғын үйлердің сыртқы қабырғаларын, шатырларын реконструкциялау, ағымдағы немесе курделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК